

Занды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтарды есептік тіркеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 05 қаңтардағы N 5138 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2010 жылғы 04 ақпанда № 5-1-131 тіркелді. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 10 карашадағы N 13746 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2011.11.10 N 13746 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңының 6-2 бабының 2) тармақшасына сәйкес, заңды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтарды есепке алу және тіркеу үшін, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Өскемен қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) саны аз заңды тұлға белгілері жоқ, саны 10 (онға) дейін кәмелетке толған азаматтармен діни топтарды (бұдан әрі – діни топ) есептік тіркеу бойынша жұмысты жүргізсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Өскемен қаласы әкімдігінің 2010.05.07 N 6953 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

2. алынып тасталды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2010.05.07 N 6953 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

3. Діни топ оны Бөлімде есептік тіркеуге қойған сәттен бастап діни қызметін жүзеге асыру құқығына ие болады.

4. Діни топ есептік тіркелу үшін Бөлімге келесі құжаттарды ұсынады:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сай үлгі бойынша заңды тұлғаның белгілері жоқ саны аз діни топтарды есептік тіркеу жөніндегі арыз;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сай үлгі бойынша заңды тұлғаның белгілері жоқ саны аз діни топты құраушы кәмелетке толған азаматтардың тізімі;

3) топ мүшелері жиналысының хаттамасы.

5. Ұсынылған құжаттар сәйкес келген жағдайда, Бөлім діни топты есептік тіркеу туралы деректерді 3-қосымшаға сай үлгіде заңды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтарды есептік тіркеу журналына енгізеді және құжаттарды тапсырған

күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей осы қаулының 4-қосымшасына сай үлгі бойынша заңды тұлғаның белгілері жоқ діни топты есептік тіркеу жөніндегі анықтаманы береді.

6. Есептік тіркеу ақысыз жүргізіледі.

7. Діни топ өзінің қызметін нақты тоқтатқан немесе әділет органдарында мемлекеттік тұлға мәртебесімен діни бірлестік немесе заңды тұлғаның филиалы ретінде тіркеуден өткен жағдайда жергілікті атқарушы органның есептік тіркеуінен шығарылады.

8. Осы қаулы оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының әкімі	И. Әбішев
	Өскемен қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы № 5138 қаулысына 1 қосымша (арызды тіркеуші органның атауы)

Заңды тұлға белгілері жоқ, саны аз діни топтарды есептік тіркеу жөніндегі арыз

(топ _____ жетекшісінің _____ тегі, _____ аты, _____ әкесінің _____ аты)

(діни _____ топтың _____ атауы, _____ ұстанатын _____ діні)

(кәмелетке _____ толған _____ мүшелерінің _____ саны)

(діни _____ топтың _____ мекенжайы және _____ ғибадат үйінің _____ болуы)

(өз қызметін соның шегінде жүзеге асыратын аумағы)

	Қолы Күні Өскемен қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы № 5138 қаулысына 2 қосымша
--	---

Заңды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топты құраушы кәмелетке толған азаматтардың тізімі

Р / с №	Тегі, аты, әкесінің аты,	Туған жылы, айы, күні	Тұрғылықты жері	Қолы

Заңды тұлға белгілері жоқ саны аз
діни топтың басшысының қолы
күні

	Өскемен қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы № 5138 қаулысына 3 қосымша
--	---

Заңды тұлғаның белгілері жоқ саны аз діни топтарды есептік тіркеу журналы

Р/с №	Тіркелген нөмірі мен күні	Діни топтың атауы	Діни топтың ұстанатын діні	Діни топтың орналасқан жері	Діни топ қызметінің ауданы	Ғибадат үйінің бар болуы
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы:

Р/с №	Тіркелген нөмірі мен күні	Жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы, телефоны	Есептік тіркеу туралы анықтаманы толтырған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты	Есептік тіркеу туралы анықтаманы алған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты	Ескерту
1	2	8	9	10	11

	Өскемен қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы № 5138 қаулысына 4 қосымша
--	---

**Заңды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтарды есептік тіркеу жөніндегі
анықтама**

№ _____

200__ жылғы «__» _____ берілді

(заңды тұлғаның белгілері жоқ саны аз діни топтың атауы)

Топты тіркеген органның басшысы Қолы

Мөрі